

Осакаров ауданы әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 05 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күшін жою туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 01 шешімі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Осакаров ауданының аумағында жағдайдың тұрақталуына байланысты, ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осакаров ауданы әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 05 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3577 болып тіркелді, 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 52 (7484) "Сельский труженик" аудандық газетінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

Қ. Шайжанов